



Мемлекеттік қызметшілерді аттестациядан өткізудің тәртібі мен шарттары туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 20 тамыздағы N 3088. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.01.21. N 327 Жарлығымен. ~U000327

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің
Заң күші бар Жарлығын

U952730

атқару мақсатында қаулы етемін:

1. Мемлекеттік қызметшілерді аттестациядан өткізудің тәртібі мен шарттары туралы қоса беріліп отырган ереже бекітілсін.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 тамыздағы
N 3088 Жарлығымен
бекітілген

Мемлекеттік қызметшілерді аттестациядан өткізудің
тәртібі мен шарттары туралы
ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметшілерді аттестациялау олардың атқаратын лауазымына сәйкестігі мен қызметтегі перспективасын анықтау, олардың кәсіптік

даярлығының, құқықтық мәдениетінің деңгейін, азаматтармен жұмыс істеу қабілетін бағалау мақсатымен жүргізіледі.

2. Жоғары, бірінші және екінші санаттағы мемлекеттік лауазымдардағы мемлекеттік қызметшілер аттестациялаудан өткізілмейді.

3. Аттестация мемлекеттік қызметшінің бастамашылығымен кейін басқа қызметке ауыстырмastaн оған аттестациялау нәтижесі бойынша кезекті біліктілік сыйныбын беру үшін өткізілуі мүмкін.

4. Мемлекеттік қызметшілер кемінде үш жылда бір рет

аттестациялаудан өтеді. Жүкті әйелдер, жас мамандар мен атқарып отырған қызметінде бір жылдан аз уақыт жұмыс істеген адамдар кезекті аттестациялаудан босатылады. Баланы күтүге байланысты демалыста жүрген әйелдер, сондай-ақ белгілі себептерге байланысты орнында болмаған адамдар жұмысқа шыққаннан кейін аттестациялаудан өтеді.

Аттестациялауды дайындау мен өткізу тәртібі

5. Аттестациялауды өткізуге дайындықты тиісті мемлекеттік органдардың басшылығы ұйымдастырады.

Ол мынадай шараларды қамтиды:

- аттестациялаудан өтетін адамдарға қажетті құжаттарды дайындау;
- аттестациялау өткізу кестелерін әзірлеу;
- аттестациялық комиссияның құрамын белгілеу;
- аттестация өткізудің мақсаты мен тәртібі туралы түсінік жұмысын ұйымдастыру.

6. Аттестациялаудан өтуге тиіс әрбір қызметшіге аттестация өткізілетіннен кемінде екі апта бұрын қызметшінің тікелей басшысы ұсыныс әзірлейді, онда қызметшінің кәсіби даярлығының қызметі бойынша біліктілік талаптарға сәйкестігіне, оның кәсіптік құзыретіне, жұмысқа және қызметтік міндеттерін орындауға деген көзқарасына, өткен кезеңдегі еңбек көрсеткіштеріне баға беру қамтылады.

7. Аттестациялаудан өтетін мемлекеттік қызметші аттестациялауға дейін кемінде екі апта бұрын ұсыныспен тапсырылуға тиіс.

8. Аттестациялық комиссия ұсынысты қарайды, қажет болған жағдайда аттестациялаудан өтетін адамды және ол жұмыс істейтін бөлімшенің бастығын

тындайды. Аттестациялаудан өтетін адамның жұмысын талқылау субъективизмге жол бермейтін талапшылдық, объективтілік пен тілекстестік жағдайында жүргізілуге тиіс.

9. Аттестациялау өткізудің нақты мерзімдерін, сондай-ақ кестесі мен аттестациялық комиссияның құрамын тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітеді, ол туралы аттестациялаудан өтетін қызметкерлерге аттестация басталардан кемінде екі апта бұрын хабарланады.

Аттестация өткізу кестесінде аттестациялаудан өтетін адам істейтін бөлімшенің атауы, оның тегі, лауазымы, аттестациялау өткізілетін және аттестациялық комиссияға қажетті құжаттар ұсынылатын мезгіл, сондай-ақ оларды әзірлеуге жауапты қызметкерлердің лауазымдары мен тегі көрсетіледі.

Әдетте, бірінші кезекте бөлімше бастықтары, содан кейін олардың қол астындағы қызметкерлер аттестациялаудан өткізіледі. Аттестациялық комиссия мүшелерін аттестациялаудан өткізу жалпы негіздерде жүргізіледі.

Аттестациялық комиссияның құрамы және оның жұмыс регламенті

10. Аттестациялық комиссияны мемлекеттік органның басшысы сол органның кадр қызметінің ұсынуы бойынша құрады.

11. Аттестациялық комиссия тәрағадан (әдетте, тиісті мемлекеттік орган басшысының орынбасары), хатшы мен комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссия құрамына бөлімше басшылары, заңгерлер және басқа да біліктілігі жоғары мамандар енгізіледі.

Қажет болған жағдайда бірнеше аттестациялық комиссия құрылуы мүмкін.

12. Қызметшінің қызметін бағалау мен комиссия ұсыныстары аттестациялаудан өткізілетін адамның қатысуынсыз ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Аттестациялау және дауыс беру мәжіліске аттестациялық комиссия құрамының кемінде үштен екісі қатысқанда жүргізіледі. Дауыс беру нәтижесі дауыстың көптігімен айқындалады. Дауыстар тең түскен жағдайда, қызметші белгілі бір лауазымға берілген немесе берілетін сыныпқа лайықты деп танылады.

Аттестациялық комиссияның мүшесі болып отырған қызметші аттестациялаудан өткізілген жағдайда, аттестациялаудан өтуші адам дауыс беруге қатыспайды.

Аттестациялау қорытындысы дауыс беруден соң қызметшіге бірден хабарланады.

13. Аттестациялық комиссия:

мемлекеттік қызметшінің атқарып отырған лауазымына сәйкестігі туралы;

комиссия ұсыныстарын міндettі түрде орындаған жағдайда, мемлекеттік қызметшінің комиссия белгілеген мерзім өткеннен кейін қайта аттестациялаудан өткеннен кейінгі сәйкестігі туралы;

атқарып отырған лауазымына сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды.

14. Аттестациялық комиссия мемлекеттік қызметшінің атқарып отырған мемлекеттік лауазымына сәйкес келмейді деп тапқан жағдайда ол кәсіптік қайта даярлауға жіберілуі немесе оның лауазымы не біліктілік сыныбы төмендетілуі мүмкін.

Аттестациялық комиссияның қорытындысын ескере отырып кемінде бір ай мерзім ішінде тиісті мемлекеттік органның басшысы түпкілікті шешім қабылдайды.

15. Аттестациялау нәтижелері (баға мен ұсыныстар), аттестациялық

парақта (қоса беріледі) енгізіледі, ол бір данада жасалады және оған аттестациялық комиссияның төрағасы, хатшысы мен дауыс беруге қатысқан мүшелері қол қояды.

Аттестациялық парақ пен аттестациялаудан өткен қызметкер туралы ұсыныс оның жеке іс қағазында сақталады.

16. Мемлекеттік қызметшілерді бағыныстырынына қарай аттестациялаудан өткізу тәртібінің сақталуына жоғары тұрған тиісті мемлекеттік орган бақылау жасайды.

17. Аттестациялаудан өткізуге байланысты даулар қолданылып жүрген зандарға сәйкес шешіледі.

Қосымша

Аттестациялық парақ

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____
2. Тұған жылы _____
3. Білім мен біліктілігін көтергені туралы мәліметтер _____

(қай оку орнын және қашан бітірді, білімі бойынша мамандығы мен біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

4. Аттестациялау сәтіндегі атқарып отырған лауазымы және осы лауазымға тағайындалған (сайланған, бекітілген) күні _____

5. Жалпы енбек стажы _____
6. Аттестациялаудан өтуші адамға қойылған сұрақтар мен

қайтарған жауаптары _____

7. Аттестациялық комиссия мүшелері айтқан ескертулер мен
ұсыныстар _____

8. Аттестациялаудан өтуші қызметші айтқан ескертулер мен
ұсыныстар _____

9. Дауыс беру нәтижесі бойынша қызметші жұмысына берілген баға:

Лауазымына сәйкестігі _____

сынып беру жөніндегі ұсыныстар _____

Жақтап дауыс бергендер _____

Карсы дауыс бергендер _____

10. Ескертулер _____

Аттестациялық комиссия төрағасы

Аттестациялық комиссия хатшысы

Аттестациялық комиссияның мүшелері

Аттестациялау мезгілі _____

Аттестациялық парақпен таныстым _____

(аттестациялаудан өткен
адамның қолы мен аттестациялық
парақпен танысқан мезгілі)